

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы
ЖШС «Айболтап» бөбекжай балабақшасы

«Бекітемін»

Балабақша меңгерушісі:

Естауова Р. С.



2020-2021 оқу жылының Өндірістік хаттамалары

Қазғұрт

Хаттамасы №1

Қазғұрт е.м

28.08.2020ж

Қатысқандар:10

Қатыспағаны:0

Күн тәртібінде:

- 1.Бакшадағы іс-шаралармен таныстыру.Ішкі еңбек тәртібі ережелерінің сақталуы.
- 2.Бакшадағы топтардың санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың орындалуы (мәлімдеме).
3. Топтардың және алаңның жөнделгендігі жөнінде есеп.

Тыңдалды:

Бөбекжай-бақша меңгерушісі Естауова Балкия қызметкерлерді жана оқу жылының басталуымен құттықтай отырып,жиналысты ашық деп жариялады.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Естауова Балкия тыңдалды.

Биылғы жылы біздің елімізде болып жатқан короновирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13» тамыздағы 345 бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес жұмыс жүргізетініміз туралы таныстырып өтті.

Ата-аналардың өтініші негізінде кезекші топтарды ұйымдастыру -тиісті аумақтардың бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлердің келісімі бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімдері негізінде санитарлық талаптарды сақтай отырып,жұмыс жүргізілетіндігін ,бакшамызда да бірқатар

өзгерістер болғандығы жайлы да айтып кетті. Мысалы, қызметкерлердің ара қашықтықты сақтауы, үнемі бетперденің болуы, балалармен жақын қашықтықта болмауы, әрбір бала ойын алаңында, оқу қызметте, тамақ ішкенде, сыртқа шыққанда ара қашықтықтың сақталуы, қызметкерлер мен балалар антисептикпен қолдарын жиі-жиі жуып жүрулері керектігін баса айтты. Сонымен қатар меңгеруші педагог-қызметкерлерді ішкі еңбек тәртібі ережелерімен, қызметтік нұсқаулармен таныстырды. Соған сәйкес қызметкерлерге күн тәртібін негізге ала отырып, әрекет етіп, өз міндеттерін дұрыс атқаруға кеңес берді.

Сөз сөйледі:

Балабақша әдіскері Нурлыбекова Майя өз сөзінде елімізде болып жатқан індет барлығымызға оңай болып жатқан жоқ. Сондықтанда ішкі еңбек тәртібі ережелерін қатаң сақталуы керектігі жайлы баса айтып, меңгерушінің сөзіне толық қосылатынын айтты.

Қаулы етеді:

1. Жоспар бойынша белгіленген іс-шаралар өз уақытында өткізіліп, қызметкерлер ішкі еңбек тәртібі ережелерін қатаң сақтасын.

Тыңдалды:

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай-бақшамыздың медбикесі А. Косахбаева ұжым қызметкерлерін бөбекжай-бақшаның санитарлық-гигиеналық талаптары туралы айтып өтті. Сонымен қатар тотенше жағдайға байланысты, санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру мен жүргізудің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы №615 бұйрығына толықтырулар енгізілгендігін, 2020 жылғы 5 шілдедегі № ҚР ДСМ-78/2020 бұйрығымен қызметкерлерді таныстырып өтті.

Танертең балаларды қабылдағанда ата-аналар күнделікті маскалық режимде

болуын және ережені қатаң түрде сақтап, баланың дене қызуын тексеру керектігін айтып өтті.

Сонымен қатар, кіреберісте қызметкерлердің, балалардың дене температурасын бақылауға арналған қондырғылармен (аспаптармен), тері антисептигі бар санитайзерлермен, дезинфекциялау, жуу антисептикалық құралдармен тексерілуі қажеттігін және барлық топтарда жеке гигиена құралдарымен (сұйық сабын, антисептиктер), қызметкерлердің жұмысқа шығуын белгілеу, болмау себептері көрсетілген мониторинг журналдарының болуы шарт екенін де баса айтып өтті.

Балалар қашықтықты сақтау үшін едендегі белгілер арқылы немесе шектеу бағандары арқылы орын таңбаларымен, жеке қорғаныш құралдарын дұрыс пайдалану мақсатында маскалар мен қолғаптар уақтылы ауыстырылу керектігі (маскалар әрбір 2 сағат сайын, қолғаптар зақымданған жағдайда) екенін де ескертті.

Медбике баланың денсаулығын сақтау мен жан-жақты жетілуін қамтамасыз ету үшін сауықтыру-тәрбие шаралардың тұтас комплексі: дұрыс тамақтандыру, жақсы гигиеналық күтім, бірқатар профилактикалық шаралар қолдану қажет және гигиена талаптарын дұрыс сақтап, оны практикалық қызметінде іскерлікпен қолданғанда ғана тәрбиеші баланың дұрыс тәрбиесін, күн режимін, тамақтануын, денесінің шынығуын қамтамасыз ете алады. Бақшамызда балалардың жақсы жетілуіне қажетті санитарлық және эпидемияға тиісті режим, гигиеналық талаптар сақталғанын баяндады.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші Ергешова Таңшолпан қазіргі күз мезгілінде ауа-райының қолайсыздығына байланысты тұмаудың эпидемиологиялық кезеңі басталатынын ескерте келе, шынықтыру шараларын күшейту

керектігін,барлық топтарда ауа ауыстыру, белгіленген уақытта кварц қойып топтарда тазалық ережелерін сақталу керектігін айтты.

Қаулы етеді:

2.Бөбекжай-бақшадағы санптарлық гигиеналық жай-күйі қанағаттанарлы -деп танылсын.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжай-бақшамыздың шаруашылық меңгерушісі Р.С.Мамытбаева тыңдалды.Ол жаңа оқу жылында жөндеу жұмыстары қажет еткен топтар толығымен ретке келтіріп,ойын алаңдарына әктеу,сырлау жұмыстары толық жасалғанын жеткізді.Сонымен қатар,бала санына қарай барлық топтар қажетті жиһаздармен қамтамасыз етілген және шкаф сөрелері балалардың қауіпсіздігі үшін қабырғаға бекітілгендігін айтты.Топтарға берілген жиһаздарды барлық талаптарға сай реттеп,таңбалап қою керектігін,таңбалар балалардың жас ерекшеліктеріне сай және барлығы біркелкі болу керектігін ескертті.Биылғы 2020-2021 оқу жылына бөбекжай-бақшамызда топтар мен алаңдарда жөндеу жұмыстары жүргізіліп,жаңа оқу жылына дайын екендігі жайлы айтып кетті.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші Сақыбай Гулайым топтардағы барлық жиһаздарға балалардың жас ерекшеліктеріне қарай таңбалар қойылып,топтардағы стендтер жаңартылып,ретке келтірілгенін айтып өтті.

Қаулы етті:

3.Топтарға белгіленген жиһаздар барлық талаптарға сай таңбаланып,ретке келтірілсін.Бөбекжай-бақшамыздың шаруашылық меңгерушісі топтардың және алаңның жөнделгендігі жөнінде есебі қанағаттанарлы деп танылсын.

Төрайым:

Хатшы:



Естауова Б

Нурлыбекова М

ЖШС «Айболған» бөбекжай балабақшасындағы өндірістік кенестің

Хаттамасы №2

Қазғұрт е.м

21.12.2020ж

Қатысқандар:10

Қатыспағаны:0

Күн тәртібінде:

1.Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту.

2.Тәжірибелік сабақ.Өртті болдырмау ережелері.

Жаңа жыл мерекесіне дайындық, Жаңа жылдық мерекелерді өткізу бойынша консультация.

3. Топтарда ас бөлмесінің тазалығы және балалардың тамақтану гигиенасы.

Тыңдалды:

Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі

Естауова Балкия жиналысты ашық деп жариялап, педагог қызметкерлердің жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының кестесін нақтылап, бекітіп берді.

Қаулы етеді:

2. Педагогтар еңбек демалысының тізімімен таныстырылып, бекітілсін.

Тыңдалды:

Келесі мәселе бойынша балабақшаның шаруашылық меңгерушісі мезгіліндегі сақтық шараларымен таныстырып өтті.

Сонымен қатар жаңа жыл мерекесі қарсаңында өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауды ескертті. Қыс мезгілінде серуенге шығу барысында тәрбиешілерге балаларды қауіпсіз жерлермен жүргізіп сақтық шараларын

сактауды ескертті. жаңа жыл мерекесі қарсаңында мерекелік отшашулардан сақ болуға, сонымен қатар шыршаны

безендіруде, шырша шамын жаққанда өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауын айтып өтті.

Қаулы етеді:

3. Қыс мезгіліндегі сақтық ережелерін және жаңа жылдық мереке барысында орт қауіпсіздігі ережелері қатаң сақталсын.

Тыңдалды:

4. Үшінші мәселе бойынша балабақшаның мед бике А.Косахбаева тыңдалды. Медбике балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру реті мен сапасын таныстырып өтті.

Балабақшада күніне үш рет тамақ беріледі: Таңғы ас 8"00-ден бастап таратылады, түскі ас 12.00, бесін ас 16.00-дан. Таңғы асқа сүт боткапары: сұлы, күріш, қарақұмық, бидай, достық макарон өнімдерінен көже, боткалар, жұмыртқа, ірімшік өнімдерімен ауыстырылып отырылады. Сусын ретінде сүт қосылған кофе, какао, май, ірімшік. Түскі асқа өсімдік майы қосылған балғын көкөністерден түрлі салаттар, (кияр, қызанақ, сәбіз т.б.). Бесін ас кондитерлік тағамдар, кепкен көкөністерден компот, тоқаштар, лимон қосылған шай, ботқа т.б. Тамақты сақтау және дайындау үрдісіне және ас үйге деген санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң түрде сақтау балалардың тамақтарын дұрыс ұйымдастыру үшін маңызды. Балабақшаға келіп түсетін барлық азық-түліктер санитарлық ережелерге сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылары бар.

ҚР Үкіметінің қаулысы 2011 жылғы 30 желтоқсандағы No1684 «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларына сәйкес, балабақшадағы тамақтану сапасын және нормасын үнемі емдәмбикенің бақылауында және әрбір топтағы балалардың жас ерекшеліктеріне қарай берілетін тағамның мөлшері, көлемі олшеніп, санитарлық-гигиеналық

талаптардың сақталуын бақылайтындығы жөнінде айтты.

Қаулы етті:

5. Балабақшадағы балаларды тамақтандырудың сапасы қадағаланып,
санитарлық-гигиеналық нормалар дұрыс сақталсын.

Төрайым:

Хатшы:



Естауова Б

Нурлыбекова М

ЖШС «Айболған» бөбекжай балабақшасындағы өндірістік кеңестің

Хаттамасы №3

Қазғұрт е.м

15.02.2021ж

Қатысқандар:10

Қатыспағаны:0

Күн тәртібінде:

- 1.Қыс мезгілінде балалардың жарақаттануының алдын алу
(алғашқы көмек көрсету, алдын алу,сауықтыру) жұмыстары туралы .
- 2.Төтенше жағдайлар және өрттен сақтану нұсқауларымен
таныстыру.Балабақшадағы орыс,ағылшын тілдерінің өтілу барысы.
- 3.Кезекті еңбек демалысының кестесін бекіту.

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Л Ж Мамытбаева сөз алды. Қыс мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығымен таныстырды.Балалар топта болғанда жылу тәртібін сақтау,серуенге шығар алдын ойын алаңын мұздан.кардан сондай-ақ баспалдақ пен жолдарды да тазалау керектігін айтты.Серуендеу кезінде шатырдан балалардың үстіне мұз сүңгісі немесе қар құлап кетпеу үшін ғимаратқа жақын жүрмеу керектігі айтылды.Балаларды жарақатты профилактикалау негіздеріне үйрету:

- қыста жолда абайлап жүру;
- мұзда сырғанау;
- жолға жақын жерде сырғанамауын қадағалауды тапсырды.

Екінші мәселе бойынша шаруашылық меңгерушісі қызметкерлерді төтенше жағдайларда және өрт болған жағдайда жүргізілетін жұмыс барысына тоқталды.Қар көшкіні немесе сел алған кезде балабақша

балаларын сыртқа алып шығу жолдарын ортаға тастады. Жарыссөзге шыққан қызметкерлер балаларды оқу жаттығу элементтеріне оқытып үйрету керектігін айтты. Балабақшадағы ток көздерінің зақымдалған жері болса, өрттің алдын алу үшін дереу электрлік шақыруды жөн санады. Тез тұтанғыш заттарды балабақшаға балалардың әкелмеуін қадағалауды айтып өтті. Балабақшадағы орыс ағылшын тілдерін үйрету қанағаттанарлық екендігі айтылды.

Үшінші мәселе бойынша меңгеруші Естауова Балкия 2020-2021 оқу жылының еңбек демалысы кестесін бекітті.

Қызметкерлерге жыл сайынғы брілетін ақылы еңбек демалысының ұзақтығы мен оған төленетін ақы Қ Р Еңбек кодексінің баптарына сүйене отырып жасалатынын айтты.

Қаулы :

1. Балалар жарақатының алдын алу жұмыстары үнемі назарда болсын.
2. Төгенше жағдайлардың алдын алуға іс-шара жоспары жасапсын.
3. Қызметкерлердің кезекті еңбек демалысы кестесі бекітілсін.

төрайым:

хатшысы:



Естауова Б

Нурлыбекова М

Хаттамасы №4

Қазғұрт е.м

21.04.2021ж

Қатысқандар:10

Қатыспағаны:0

Күн тәртібінде:

1. Жедел тексеру. Серуендегі ойын қызметін ұйымдастыру.
2. Қимыл белсенділігі режимін ұстану. барлық топтарда.
3. Топтардағы сауықтыру шынықтыру шаралары.
4. Жедел тексеру. Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша әдіскер серуендегі ұйымдастырылатын қимылды ойындардың өтілуіне бақылау жасалғанын айтты. Топтағы балалардың

жас ерекшелігіне сай қимылды сөздік ойындарды ережелі ойындарды күніне

үш төрт түрін ойнату керектігін және де атрибуттарды музыка

ырғағын пайдаланудың пайдасы зор екендігін айтып өтті.

Серуендегі ойынды ұйымдастыру жақсы жолға қойылған.

Екінші мәселе бойынша балаларды жаз мезгілінде таза ауада көп ұстау

арқылы ағзасын шынықтыру керектігі үнемі қимыл-қозғалыста

жүру керектігі айтылды. Топтардағы сауықтыру -шынықтыру жұмыстарын

өткізу медбике А С Косахбаеваға жүктелген.

Денені шынықтыру мәдениетін қалыптастыру, қажетті дене қозғалыс

дағдыларын, танымдық қозғалыс белсенділігін арттыру

жұмыстары жүргізілуде.

Шынықтыру барысында тәрбиешілердің жіберген кемістіктерін медбике дер

кезінде түзетіп отырады.

Нурлыбекова М